

**2015 жылғы 9 қарашада өткен «Агроөнеркәсіптік кешендегі
субсидиялау жүйесінің тиімділігін арттыру» тақырыбындағы**

**Үкімет сағатының қорытындысы бойынша
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
ҰСЫНЫСТАРЫ**

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Мамытбековтің баяндамасын тыңдап және талқылап, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мемлекеттің отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қолдауы сөзсіз қажет екенін атап өтеді.

Бұл ретте, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, Қазақстан экономикасын дамытудың басым бағыты ретінде агроөнеркәсіптік кешенге ерекше мән берілуіне байланысты дағдарыс жағдайында мемлекеттің рөлі басым мәнге ие.

Мемлекет басшысының агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне қаржылық-кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттырудың қажеттілігі туралы тапсырмаларын негізге алып және жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудың оны ұсынудың тиімділігін арттыруға және салаға инвестициялар тартуға кепілдік беретін, мынадай негізгі ережелерді:

- Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі кезіндегі міндеттемелерде көзделген ауыл шаруашылығын қолдау көлемдеріне қол жеткізуді екі жылдық кезең ішінде қамтамасыз етуді;

- мемлекеттік дотацияларды алудың басты өлшемшарты ауыл шаруашылығында өнімділікті арттырудың неғұрлым экономикалық орынды

және ынталандырушы құралы ретінде өндірілген ауылшаруашылық өнімінің бірлігі болуға тиіс екенін;

- мемлекеттік субсидия мекенжай, өңірлердің мамандануы, АӨК басым салаларын субсидиялау және халықтың азық-түлікке қажеттілігін қанағаттандыру ескеріле отырып берілуге тиіс екенін;

- салық салудың ерекше режимдерін қолдану, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазіргі заманғы инновациялық технологияларды енгізу мен ғылыми жетістіктерді қолдану, кадрларды даярлау мен қайта даярлау арқылы ішкі нарықтың азық-түлік тауарларының импортқа тәуелділігін төмендетуді;

- бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігі мен ашықтығын арттыру, шешімдерді қабылдау мерзімдерін қысқарту мақсатында субсидияларды бөлу және алу процестерін автоматтандыруды көздейтін, кемінде он жылға арналған ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлесін және қабылдасын.

2. Бірыңғай экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ауылшаруашылық тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында мұндай қолдауды жүзеге асырудың тұрақты мониторингін жүргізісін.

3. Ауылшаруашылық тауар өндірушілерін ауылшаруашылық кооперативтеріне біріктіруге бағытталған жұмысты жандандыру үшін экономикалық стимулдарды қарастырсын.